2025 жылға арналған диссертациялық кеңестің жұмыс нәтижелері бойынша жылдық есеп

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанынан құрылған «8D10101 (6D110200) – Қоғамдық денсаулық сақтау», «8D10102 (6D110100) – Медицина», «8D10104 (6D110400) – Фармация», «8D10103 - Мейіргерлік іс» мамандықтар тобы/ білім беру бағдарламалары бойынша Диссертациялық кеңесі

1. Өткізілген отырыстар саны туралы мәліметтер: 25

2. Диссертациялық кеңес отырыстарының жартысынан азына қатысқан мүшелердің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда):

Диссертациялық кеңестің отырыстарының жартысынан азына қатысқан мүшелер **жоқ**.

Есепті кезеңде Диссертациялық кеңестің тұрақты мүшелері КазНМУ ректорының 13.09.2024 жылғы №435 «Диссертациялық кеңестердің тұрақты құрамын бекіту туралы» бұйрығымен бекітілді:

1. Капанова Гүлнара Жамбаевна – медицина ғылымдарының докторы, профессор, төрайымы;
2. Винников Денис Владимирович – медицина ғылымдарының докторы, профессор, төрайымның орынбасары;
3. Мусажанова Жанна Бахыткереевна – PhD, кеңестің тұрақты мүшесі;
4. Картбаева Эльмира Бекболовна – PhD, қауымдастырылған профессор, ғалым хатшы.

Диссертациялық кеңестің уақытша мүшелері әрбір қорғау бойынша Диссертациялық кеңес отырысының хаттамасымен бекітіледі. Диссертациялық кеңестің барлық уақытша мүшелері отырыстарға офлайн немесе онлайн режимде қатысты.

3. ЖЖОКБҰ көрсетілген докоранттардың тізімі.

№	Докоранттың аты -жөні	ЖЖОКБҰ	Бағдарлама / бейін	Диссертация тақырыбы	Қорғау күні
1	Дуненова Гаухар Абуевна	әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті	«8D10101 – Қоғамдық денсаулық сақтау»	Цифрлық иммуногистохимиялық репозиторий және машиналық диагностикасы сүт безі қатерлі ісігінің дәлме-дәл медицинасының ажырамас элементтері ретінде	5.02. 2025 ж.
2	Султанова Балнур Пердекожаевна	әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті	«6D110200 – Қоғамдық денсаулық сақтау»	Қант диабетінің 2 типі мен алкогольды емес бауырдың майлы ауруы бар науқастарға медициналық көмекті жетілдіру	5.02. 2025 ж.
3	Таушанова Майя Карибаевна	Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан	«8D10101 – Қоғамдық денсаулық сақтау»	Глаукомамен ауыратын науқастарды медициналық-	17.03.20 25 ж.

		медицина университеті		санитариялық алғашқы көмек көрсету деңгейінде динамикалық бақылау жүйесін жетілдіру	
4	Сагтаганов Жаксыбек Илесбекович	Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы	«8D10141 – Медицина»	Ревматоидты артритпен ауыратын науқастарды оңалтудың заманауи тәсілдері	17.03.2025 ж.
5	Әліпбекова Сандуғаш Нұрлыбекқызы	Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті	«6D110200 – Қоғамдық денсаулық сақтау»	Түркістан облысының еңбекке қабілетті жастағы тұрғындарының денсаулық жағдайын жетілдіруді ғылыми негіздеу	22.04. 2025 ж.
6	Мукажанова Айнагуль Сериковна	әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті	«6D110200 – Қоғамдық денсаулық сақтау»	Мектеп жасындағы балалардағы жарықтың сыну қателерін ерте анықтау бойынша кешенді бағдарламаны әзірлеу	23.06. 2025 ж.
7	Рыскелдиева Кенжегул Жанысбаевна	Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті	«8D10111 – Қоғамдық денсаулық сақтау»	Экологиясы қолайсыз аймақта тұратын жасөспірім қыздардың репродуктивтік денсаулығын жақсартудың әлеуметтік-медициналық қырлары (Түркістан облысы мысалында)	23.06. 2025 ж.
8	Имангалиева Асель Аскаровна	Қазақстандық медицина университеті	«6D110200 – Қоғамдық денсаулық сақтау»	Құлақтың туа біткен ақаулары бар балаларға медициналық-әлеуметтік көмек көрсетуді ұйымдастыруды жетілдірудің ғылыми	26.06. 2025 ж

				негізделген тәсілдері	
9	Бижанов Кенжебек Алибекович	әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті	«8D10102 – Медицина».	Интервенциялық емдеу тәсілдерін қолдана отырып жүрекшелер фибрилляциясы бар науқастарды жүргізудің тиімділігін арттыру	26.06. 2025 ж
10	Нұрғалиева Жансая Жәнәділқызы	әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті	«8D10101 - Қоғамдық денсаулық сақтау»	Короновирустық инфекциясы бар жүкті әйелдерге медициналық көмекті ұйымдастырудың жай - күйі және оны жетілдіру	25.11. 2025 ж.
11	Асылбек Мейргул Ысраилқызы	Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы	«8D10139 - Қоғамдық денсаулық сақтау»	Қазақстанның оңтүстік аймағында инсульттен кейінгі науқастардың өмір сүру сапасына COVID-19 пандемиясының әсері	26.11. 2025 ж
12	Байболова Молдир Канатовна	Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті	«8D10110 - Медицина»	Жүрекке ашық отадан кейінгі науқастарда жүрек оңалтуының жүйелі бағдарламасындағы жаттығулардың әдістемелік аспектілері	29.12. 2025 ж

4. Есептік жыл ішінде кеңес қараған диссертациялық жұмыстарға қысқаша талдау, оның ішінде қаралған жұмыстардың тақырыптық бағыттарын талдау; диссертация тақырыптарының Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия айқындаған ғылымды дамытудың басым бағыттарымен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының «Ғылым және технологиялық саясат туралы» Заңының 20-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі көрсетіледі.

1.Дуненова Гаухар Абуевна

Диссертация тақырыбы: «Цифрлық иммуногистохимиялық репозиторий және машиналық диагностикасы сүт безі қатерлі ісігінің дәлме-дәл медицинасының ажырамас элементтері ретінде»

Зерттеудің ғылыми жаңалығы: Жүргізілген зерттеулер нәтижесінде Қазақстан Республикасындағы СБО эпидемиологиялық көрсеткіштері бойынша 2020-2022 жылдар аралығындағы ИГХ фенотиптері туралы жаңа деректер алынған.

Алматы қаласында 2017-2021 жылдар аралығындағы СБО-ның DALY көрсеткіші алғаш рет есептелді (Авторлық куәлік №52072 02.12.2024 ж.).

Әлемде HER2-дің сандық талдауы бойынша қолданыстағы алгоритмдердің жүйелі шолуы, олардың клиникалық бағалау тұрғысынан тиімділігіне әсер ететін сипаттамалары жүргізілді. HER2 СБО маркерінің сандық суреттерінің дерекқоры (n=419) алғаш рет құрылды (Авторлық куәлік №48772 01.08.2024 ж.).

Алғаш рет архитектураның прототипі әзірленді (Авторлық куәлік №32121 30.01.2023 ж.) және HER2 маркерінің ИГХ суреттерін сандық талдау алгоритмі ұсынылды, ол өз дерекқорында тестіленіп, 75% дәлдік нәтижесін көрсетті.

Qazhisto.com платформасында ИГХ-да ЖИ әдістерін қолдану мүмкіндіктері анықталды.

Жұмыстың практикалық маңыздылығы:

СБО HER2 ИГХ маркерінің цифрлық суреттерінен маркаланған деректер жинағы (эпидемиология, биостатистика және дәлелді медицина кафедрасы, медицина және денсаулық сақтау факультеті, ҚазҰУ) құрылды, бұл цифрлық суреттердің сандық талдау алгоритмдерін әзірлеуге және енгізуге, онкология және ақпараттық технологиялар саласында ғылыми және клиникалық зерттеулерді жылжыту үшін ғылыми ынтымақтастықты дамытуға мүмкіндік береді.

HER2 ИГХ маркерінің цифрлық суреттерінің деректер жинағы Qazhisto платформасында студенттер мен патологоанатом мамандарын оқыту үшін және әрекеттегі онкоморфологтар үшін «екінші пікір» қалыптастыруға көмекші құрал ретінде пайдаланыла алады.

Ұсынылған архитектура қазіргі уақытта Qazhisto платформасының мүмкіндіктерін дамыту және әлеуетті іске асыру негізі болып табылады (ЦМИ АОЦ базасында енгізу актісі). Республикалық деңгейде ісік биоматериалдарын телеконсультациялау бойынша методикалық нұсқаулықтар әзірленді, олар Qazhisto платформасын пайдалану арқылы телепатологияның ұйымдастыру құрылымы мен жұмыс процесіне қатысты ұсыныстарды қамтиды (6 онкоорталықтар базасында енгізу актілері).

Алынған ғылыми деректер Қазақстанның патоморфологиялық қызметінің Qazhisto платформасында ИГХ талдауда жасанды интеллект әдістерін қолдану үшін негіз ретінде ұсынылуы мүмкін.

Алгоритмды пайдалану бойынша ұсынылған нұсқаулар Qazhisto платформасының ресурстарын тиімді пайдалануды кеңейтуге және деректерді жинақтауға мүмкіндік береді.

Инновациалық патенттер, авторлық куәліктер: Авт.куәлік №32121 «СБО ИГХ диагностикада цифрлық анализді қамтамасыз етудің архитектурасы» 30.01.2023ж. Авт.куәлік №48772 «HER2 СБО цифрлық кескіндер датасеті (ADEL датасеті). HER2 СБО цифрлық кескіндер датасеті» 01.08.2024ж. Авт.куәлік №52072 «Қазақстан Республикасында онкологиялық аурулардың ауыртпалығын зерттеудің бейімделген әдістемесі» 02.12.2024ж.

Диссертациялық жұмыстың нәтижелері бойынша келесілер әзірленді: Республикалық деңгейде биологиялық үлгілердің телеконсультацияларын жүргізу бойынша әдістемелік ұсынымдар, олар телепатологияның ұйымдастырушылық құрылымы мен жұмыс процесі бойынша ұсынымдарды қамтиды, Qazhisto платформасын пайдалану арқылы. Ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелерін практикалық денсаулық сақтау ұйымдарының қызметіне енгізу актілері.

2.Султанова Балнур Пердекожаевна

Диссертация тақырыбы: «Қант диабетінің 2 типі мен алкогольды емес бауырдың майлы ауруы бар науқастарға медициналық көмекті жетілдіру»

Зерттеудің ғылыми жаңалығы:

–Қазақстанда алғаш рет біз ҚД2 бар науқастар арасында АЕБМА таралуының және оның дамуындағы қауіп факторларының кешенді талдауын жүргіздік. Зерттеу нәтижелері ҚД2 бар науқастарда АЕБМА даму жиілігінің жоғары екенін көрсетті, бұл негізгі аурудың

ағымының ауырлығына тікелей әсер етіп, өмір сапасын төмендетеді. Бұл төмендеу науқастардың жасына да, ҚД2 ағымының ұзақтығына да байланысты.

– Науқастардың емге деген сенімділігіне әсер ететін негізгі факторлар анықталды. Олардың арасында: дәрігерлер мен науқастардың АЕБМА даму қауіптері туралы жеткіліксіз ақпараттандырылуы, мұндай науқастардың тіркелімінің болмауы, сондай-ақ емдеу, алдын алу және басқару алгоритмдерінің болмауы бар.

– Анықталған заңдылықтар негізінде ҚД2 мен АЕБМА бар науқастарға арналған медициналық-әлеуметтік көмек көрсету бойынша ғылыми және тәжірибелік тұрғыда негізделген модель жасалды.

Жұмыстың практикалық маңызы:

Алматы қаласындағы ҚД2 бар науқастардағы АЕБМА эпидемиологиясы бойынша зерттеу нәтижелері салауатты басқару стратегияларын әзірлеу үшін қолданылуы мүмкін. "ҚД2 бар науқастардағы АЕБМА науқастарының тіркелімі" әзірленіп, енгізілген тіркелім осы науқастар тобын есепке алу және мониторингтеу жүйесін ұсынады. Бұл тіркелім диагностика мен емдеудің тиімділігін арттыруға, сондай-ақ медициналық көмектің сапасын жақсартуға ықпал етеді. Алынған зерттеу нәтижелері "эндокринология" мамандығы бойынша резидентураның білім беру бағдарламаларына енгізілген және Кардиология және ішкі аурулар ғылыми-зерттеу институтында пайдаланылады. Бұл медициналық мамандарды даярлау жүйесін жетілдіруге және олардың академиялық және практикалық ортада біліктілігін арттыруға ықпал етеді.

Инновациалық патенттер, авторлық куәліктер: авторлық құқық объектілеріне құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы 4 куәлік(27.10.2023 ж. No 39914; 2024 жылғы 12 наурыздағы No 43636; 2024 жылғы 1 қарашадағы № 51005; 26 желтоқсан 2024 жылғы No 52997).

3. Таушанова Майя Карибаевна

Диссертация тақырыбы: «Глаукомамен ауыратын науқастарды медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсету деңгейінде динамикалық бақылау жүйесін жетілдіру»

Зерттеудің ғылыми жаңалығы:

1. Алғаш рет Ақтөбе облысында глаукомамен ауыратын науқастардың аурушаңдық және мүгедектік көрсеткіштеріне ретроспективті талдау жүргізіліп, глаукома таралуының аймақтық ерекшеліктері мен қауіп факторлары анықталды.

2. Алғаш рет глаукомамен ауыратын науқастарды медициналық-санитариялық алғашқы көмек деңгейінде динамикалық бақылауға қатысты ұйымдастырушылық мәселелер жүйеленіп, талданды.

3. Алғаш рет медициналық-санитариялық алғашқы көмек деңгейінде науқастарға арналған «Глаукома мектебі» білім беру бағдарламасы әзірленіп, оның емдеуді ұстануды арттыруға және науқастардың өмір сүру сапасын жақсартуға әсері бағаланды.

Практическалық маңыздылығы:

1. Науқастардың өз ауруы туралы хабардарлығын арттыруға бағытталған білім беру бағдарламаларын әзірлеуге негізделген әдістемелік базада, созылмалы жұқпалы емес аурулардың алдын алу және басқаруға бағытталған зерттеулерде пайдаланылуы мүмкін.

2. Ақтөбе облысында глаукомамен ауыратын науқастардың аурушаңдық және мүгедектік көрсеткіштеріне ретроспективті талдау жүргізу аймақтық деңгейде аурудың алдын алудың тиімді шаралары мен ерте анықтау стратегияларын әзірлеуге және енгізуге мүмкіндік береді.

3. «Глаукома мектебі» білім беру бағдарламасын енгізу науқастардың өз ауруы туралы хабардарлығын арттыруға, олардың емдеуді ұстануын жақсартуға, сонымен қатар аурудың асқыну қаупін төмендетуге және өмір сүру сапасын жақсартуға ықпал етеді.

4. Динамикалық бақылауды жетілдіру бойынша әзірленген ғылыми негізделген ұсыныстар медициналық-санитариялық алғашқы көмек тәжірибесіне енгізілуі мүмкін, бұл

глаукоманың ағымын бақылауды жақсартуға, сондай-ақ кеш диагностикалау мен тиімсіз емдеуге байланысты асқынулардың жиілігін азайтуға мүмкіндік береді.

Инновациалық патенттер, авторлық куәліктер: Авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізілімге мәліметтерді енгізу туралы куәлік – 7.

4. Сагтаганов Жаксыбек Илесбекович

Диссертация тақырыбы: «Ревматоидты артритпен ауыратын науқастарды оңалтудың заманауи тәсілдері»

Зерттеудің ғылыми жаңалығы:

1. Йога, медитация және фитотерапияның ревматоидты артритпен ауыратын науқастардың жағдайына әсері алғаш рет жүйеленді және кешенді түрде бағаланды.

2. Ауырсыну синдромын азайтуға және функционалдық мүмкіндіктерді арттыруға бағытталған баламалы медицина әдістерін қамтитын инновациялық оңалту бағдарламасы әзірленіп, апробацияланды.

3. Қосымша емдеу әдістері мен дәстүрлі тәсілдердің үйлесімі, әсіресе коморбидті жағдайларда (жүрек-қан тамырлары аурулары) қолданудың тиімділігі зерттелді.

4. Ревматоидты артритпен ауыратын науқастарды оңалту бағдарламаларына қосымша және баламалы медицина әдістерін енгізу бойынша практикалық ұсыныстар дайындалды.

Зерттеудің практикалық маңызы: Зерттеудің практикалық маңыздылығы РА пациенттері үшін кешенді оңалту бағдарламасын әзірлеу және оны медициналық мекемелердің клиникалық тәжірибесіне енгізуде жатыр. Бағдарлама ауру белгілерінің ауырлығын төмендетуге, психоэмоционалдық жағдайды жақсартуға, сондай-ақ мүгедектік қаупін азайтуға бағытталған әдістерді қамтиды. Бағдарламаны жүзеге асыру физикалық жағдайды жақсарту, әлеуметтік белсенділікті арттыру және бейімделу арқылы пациенттердің өмір сапасын арттыруға ықпал етеді. Ұсынылған әдістемені енгізу аурудың сатысы, қатар жүретін патологиялар және физикалық дайындық деңгейі ескеріліп, оны пациенттердің жеке қажеттіліктеріне бейімдеуге мүмкіндік береді.

Диссертациялық жұмыстың нәтижелері бойынша:

– зерттеудің әдіснамалық негізі әзірленді, оның ішінде оңалту шараларының тиімділігін бағалау әдістемесі қамтылды;

– ревматоидты артриті (РА) бар пациенттерге арналған кешенді оңалту бағдарламасы қалыптастырылып, енгізілді, оның апробациясы жүргізілді, алынған нәтижелер жиналып, өңделіп, талданды.

5.Алипбекова Сандугаш Нурлыбековна

Диссертация тақырыбы: «Научное обоснование совершенствования состояния здоровья населения трудоспособного возраста Туркестанской области»

Зерттеудің ғылыми жаңалығы:

- Түркістан облысы еңбекке қабілетті жастағы тұрғындарының денсаулық көрсеткіштерінің қалыптасқан динамикасына ретроспективті түрде бағалау жүргізілді.

- Тұрғындардың денсаулық көрсеткіштері мен оған әсер ететін қауіп себептері арасындағы байланыс анықталды.

- Аймақтың денсаулық көрсеткіштерінің шынайы деңгейлерінің жиынтығы бойынша Түркістан облысы аудандарының әлеуметтік-медициналық топтары түзіліп, денсаулық көрсеткіштерінің деңгейі мен құрылымына сәйкес профилактикалық бағдарламалардың моделі құрастырылды.

- Анықталған деректі көрсеткіштердің қалыптасу заңдылықтарына сай әкімшілік аудандарда жүзеге асырылатын нақты медициналық-экономикалық, әлеуметтік-гигиеналық және экологиялық-гигиеналық шаралардың жүйесі жасалды.

Тәжірибелік маңыздылығы: Жұмыстың ғылыми-тәжірибелік маңыздылығы Түркістан облысының еңбекке қабілетті жастағы тұрғындарының аурушаңдық және өлім-жітім көрсеткіштері туралы объективті ақпарат беретін зерттеудің нәтижелерімен

анықталады. Тұрғындардың денсаулық жағдайын зерттеу және бағалау, тұрғындардың денсаулығын сақтауға және нығайтуға бағытталған шаралар жүйесін әзірлеуге мүмкіндік береді.

Амбулаторлық-емханалық қызметтерді талдау нәтижелері, алынған мәліметтерді медициналық ұйымдарды басқаруда стратегиялық, тактикалық, оперативті шешім қабылдауда қолданады. Тұрғындар денсаулығын жақсарту және медициналық ұйымдар қызметін жетілдіруге арналған шаралар облыстағы денсаулық сақтау жүйесінде қолданады.

Диссертациялық жұмыстың нәтижелері бойынша: Түркістан облысының аудандарында жүргізілген алдын алу шараларының моделі жасалды. Модельді құру барысында Түркістан облысы аудандарының тұрғындарында қалыптасқан аурушаңдықтың көрсеткіштері алынды. Және аурушаңдық көрсеткіштеріне тікелей әсер ететін қатерлі себептер анықталды. Аталған көрсеткіштердің негізінде аудандар медициналық және гигиеналық тұрғыдан топтастырылды. Жұмыс нәтижесінде аудандар төмен, орташа, жоғарғы дәрежедегі, аса жоғарғы дәрежедегі аудандар болып жіктелді. Модельге сай тәжірибелік ұсыныстарды емханалардың жұмысына енгізу әлеуметтік мәні бар аурулардың алдын алуға, ерте диагностикалауға, жалпы аурушаңдық көрсеткіштерін төмендетуге мүмкіндік береді.

6.Мукажанова Айнагуль Сериковна

Диссертация тақырыбы: «Мектеп жасындағы балалардағы жарықтың сыну қателерін ерте анықтау бойынша кешенді бағдарламаны әзірлеу»

Зерттеудің ғылыми жаңалығы:

Алматы қаласының мектеп оқушылары арасында рефракция аномалияларының таралуы мен құрылымы алғаш рет зерттелді. Әртүрлі академиялық жүктемесі бар мектептер мен үш жас ерекшелігі бойынша салыстырмалы талдау жүргізілді.

Миопия дамуының мінез-құлықтық және әлеуметтік қауіп факторларына алғаш рет кешенді талдау жүргізілді. Ол ата-аналарға арналған арнайы әзірленген сауалнамалар негізінде жүзеге асырылды.

Рефракциялық бұзылыстарды ерте анықтауға арналған мектептегі қашықтан компьютерлік скринингтің тиімділігі бағаланды.

Алматы қаласының орта мектеп оқушылары арасында рефракциялық бұзылыстардың дамуы мен үдеуінің алдын алуға бағытталған профилактикалық бағдарлама әзірленіп, сынақтан өткізілді.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы: Зерттеудің практикалық маңыздылығы мектептерде көру қабілетін тексерудің дәстүрлі офтальмологиялық әдістеріне балама ретінде қашықтықтан жүргізілетін компьютерлік скринингті кеңінен қолдану мүмкіндігінде жатыр. Қашықтағы және ауылдық аймақтарда мектептік компьютерлік скрининг бағдарламаларын енгізу офтальмолог мамандар тапшылығы мәселесін шешуге және денсаулық сақтау жүйесіне түсетін жүктемені азайтуға мүмкіндік береді.Мектеп жасындағы балаларда рефракциялық аномалиялардың дамуы мен үдеуін алдын алуға бағытталған кезең-кезеңімен жүргізілетін бағдарлама көру өткірлігі төмендеген оқушыларды ерте анықтауға, дер кезінде шаралар қабылдауға және көрудің өзгеру динамикасын бақылауға мүмкіндік береді.Бұл бағдарлама дәрігерлерге арналған әдістемелік ұсыныстарды әзірлеуде, медициналық және педагогикалық жоғары оқу орындары студенттеріне арналған міндетті және таңдау пәндерін құрастыруда, сонымен қатар балалар арасында көру ақауларын диагностикалау және емдеу бойынша клиникалық хаттамаларды әзірлеуде пайдаланылуы мүмкін.

Инновациалық патенттер, авторлық куәліктер: «Мектеп оқушыларында рефракциялық аномалиялардың дамуы мен үдеуінің алдын алу бағдарламасына (кезең-кезеңімен)» 2018 жылғы 5 қарашадағы №414 авторлық құқықпен қорғалатын нысандардың мемлекеттік тізіліміне енгізілгені туралы куәлік алынды.

Диссертациялық жұмыстың нәтижелері бойынша: Қашықтықтан жүргізілетін компьютерлік скрининг бағдарламасы Алматы қаласының №95, №8, №25, №36, №46, №120, №136 мектептерінде және көру қабілеті бұзылған балаларға арналған мамандандырылған мектеп-интернатында енгізілді.

Дайындалған мектеп оқушыларын офтальмологиялық тексеру картасы Алматы қаласындағы №31 қалалық емхана базасындағы көруді қорғау кабинетінде тәжірибеге енгізілді.

7.Рыскелдиева Кенжегул Жанысбаевна

Диссертация тақырыбы: «Экологиясы қолайсыз аймақта тұратын жасөспірім қыздардың репродуктивтік денсаулығын жақсартудың әлеуметтік-медициналық қырлары (Түркістан облысы мысалында)»

Зерттеудің ғылыми жаңалығы:

1. Түркістан облысының экологиясы қолайсыз аймағында тұратын жасөспірім қыздардың репродуктивтік денсаулығының бұзылыстарына алып келетін негізгі экологиялық және әлеуметтік қауіп факторлар кешенді түрде анықталды.

2. Жасөспірім қыздардың репродуктивтік денсаулығына зиянды әсерін тигізетін негізгі әлеуметтік–экологиялық себептердің қатерлілік үлесіне алғаш рет баға берілді.

3. Экологиясы қолайсыз аймақта тұратын жасөспірім қыздардың соматикалық және репродуктивтік денсаулығының аурушаңдық деңгейіне мониторинг жасалды.

4. Түркістан облысының экологиясы қолайсыз аймағында тұратын жасөспірім қыздардың репродуктивтік жүйе қызметіне зиянды әсер етуші себептердің алдын-алу шараларын жетілдіру бойынша әрекет ету алгоритмі ұсынылды.

Тәжірибелік құндылығы:

Жүргізілген талдау және зерттеу нәтижелері салааралық, ұжымдық, пәнаралық байланысты жақсартуға және жасөспірім қыздардың қажеттіліктеріне негізделген кешенді көмек көрсетуге бағытталған әртүрлі деңгейдегі денсаулық сақтау органдарына, стационарлық медициналық ұйымдардың басшыларына, денсаулық сақтау басқармаларына, сондай-ақ білім беру саласына пайдалануға арналған.

Экологиясы қолайсыз аймақта тұратын жасөспірім қыздардың репродуктивтік денсаулығын бақылау және профилактикасын ұйымдастыру жүйесі – емдеу-профилактикалық ұйымдағы акушерлік-гинекологиялық аймақтардың жұмысын ұйымдастыруда қолдану, жасөспірім қыздардың репродуктивтік бұзылыстарын ерте анықтауға жол ашты және олардың асқынуларға алып келуін тоқтатуға көмектесті.

Репродуктивтік қызметті жақсартуға бағытталған әлеуметтік-медициналық және ұйымдастырушылық шаралар құрастырып, тәжірибеге ендірілді.

Осы қарастырылған мәселелер жасөспірімдердің денсулығын сақтау саласындағы профилактикалық және ағарту жұмыстарын жүргізумен айналысатын ұйымдарда жасөспірім қыздар арасында пайда болған мәселелерді шешу мен мамандардың өз жұмысын жақсарту бойынша қызығушылығын тудырады.

Диссертациялық жұмыстың нәтижелері бойынша: Еңбек нәтижелері Қожа Ахмет Ясауи атындағы ХҚТУ «Қоғамдық денсаулық сақтау» және «Акушерлік іс және гинекология» кафедраларының аудиториялық сабақтарын ұйымдастыру барысында қолданылуға ендірілді: Түркістан қаласында орналасқан медициналық көмек беретін-3 мекемеге; «Асықата» Жетісай аудандық аурухана мен «Шұбарсу» медициналық орталық; Түркістан қаласында медициналық білім беретін- 3 оқу орталықтарына енгізілді.

8.Имангалиева Асель Аскаровна

Диссертация тақырыбы: «Құлақтың туа біткен ақаулары бар балаларға медициналық-әлеуметтік көмек көрсетуді ұйымдастыруды жетілдірудің ғылыми негізделген тәсілдері»

Зерттеудің ғылыми жаңалығы: Қазақстан Республикасында алғаш рет ұлдар/қыздар бөлінісінде Микротия/анотия және сыртқы есту жолының атрезиясымен Алғашқы сырқаттанушылық талданып, Денсаулық сақтау жүйесінде ресурстарды жоспарлау және бөлу кезінде пайдаланылуы мүмкін өмір сүру сапасын бағалай отырып, Қазақстан Республикасы бойынша зерттелетін нозологиялардың кезеңдік таралуын картаға түсіру жүргізілді. Алынған деректер Қазақстан Республикасындағы балалардағы Микротия/анотия және сыртқы есту жолының атрезиясының дамуындағы аналық қауіп факторлары туралы идеяны кеңейтеді, жаңа болып табылады және профилактикалық іс-шараларды әзірлеу үшін маңызды қолданбалы мәнге ие. Мамандар тобының сараптамалық бағалауына негізделген RAND/UCLA әдісі бойынша әзірленген арнайы құрал пациенттердің осы санатының қажеттіліктері мен ерекшеліктеріне бейімделген туа біткен құлақ кемістігі бар балаларға кешенді медициналық-ұйымдастырушылық көмекті дамытуға мүмкіндік береді.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы: ЖҰӨ бар балаларға қатысты одан әрі зерттеулерде қолданылуы мүмкін. Құлақтың туа біткен кемістігі бар балаларға медициналық-ұйымдастырушылық көмекті сараптамалық бағалаудың әзірленген құралы пациенттерді емдеу мен оңалтудың оңтайлы тәсілдерін айқындау үшін құлақтың ЖҰӨ бар балаларға медициналық-әлеуметтік көмек көрсетуге бағытталған атаулы іс-шаралар бағдарламасының негіздемесі ретінде пайдаланылуы мүмкін.

Диссертациялық жұмыстың нәтижелері бойынша: Әзірленген құлақтың туа біткен даму ақаулары бар балаларға медициналық-әлеуметтік көмек көрсетуге арналған ұйымдастырушылық-функционалдық модель мамандандырылған қызметтердің қолжетімділігін арттыруға және патологияның түрі мен ауырлығына байланысты жекелендірілген тәсілді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Енгізу актілері "ҚазҰМУ" КЕАҚ "Ақсай" балалар орталығы.С. Д. Асфендияров, "АККА" ШЖҚ МКК, акт № 0702-04-13/208, №01.1.06/1087; акт № 0702-04-13/205, №01.1.06/1087.

9.Бижанов Кенжебек Алибекович

Диссертация тақырыбы: «Интервенциялық емдеу тәсілдерін қолдана отырып жүрекшелер фибрилляциясы бар науқастарды жүргізудің тиімділігін арттыру»

Зерттеудің ғылыми жаңалығы:

1. ҚР-да алғаш рет ЖФ бар пациенттерді емдеудің интервенциялық әдістерінің тиімділігін зерттеу үшін имплантацияланатын ЭКГ ұзақ мониторингілеу аппараттары (REVEAL XT) қолданылды.

2. Елімізде алғаш рет имплантацияланатын ЭКГ ұзақ мониторингілеу аппараттарын (REVEAL XT) қолдана отырып, операциядан кейінгі жақын және алыс кезеңдерде ЖФ бар пациенттерде катетерлік абляцияның әртүрлі әдістерінің тиімділігіне салыстырмалы талдау жүргізілді.

3. Катетерлік абляцияның әртүрлі әдістерін қолдану барысында операциядан кейінгі кезеңде ЖФ қайталануының қауіп факторлары зерттелді.

4. ЖФ-ның тұрақты және ұзақ мерзімді тұрақты формаларын интервенциялық және хирургиялық емдеу алгоритмі жетілдірілді және 2023 жылғы 20 маусымдағы №37325 авторлық құқықпен қорғалатын объектілердің мемлекеттік реестрге енгізілуі туралы авторлық куәлік алынды.

Практикалық маңыздылығы:

1. Ұзақ мерзімді кезеңде катетерлік аблацияның әртүрлі әдістерін қолдану тиімділігінің барынша дәл деректерін алуға мүмкіндік беретін ұзақ мерзімді ЭКГ мониторинг аппараттарын имплантациялау әдістемесі (REVEAL XT) тәжірибеге енгізілді.

2. Зерттеу ЖФ қайталануының алдын алуын оңтайландыру мақсатында қолданылуы мүмкін катетерлік аблацияның әртүрлі әдістерін пайдалану барысында операциядан кейінгі кезеңде ЖФ қайталану қауіп факторларын зерттеуге мүмкіндік берді.

3. Жүрекшелер фибрилляциясының персистирлеуші және тұрақты түрлерін интервенциялық және хирургиялық емдеудің бейімделген алгоритмі (2023 жылғы 20 маусымдағы №37325 авторлық құқық) практикалық денсаулық сақтауда қолдануға қол жетімді, бұл жүрекше фибрилляциясы бар науқастарды уақытылы диагностикалауға және басқару тактикасын анықтауға мүмкіндік береді, сонымен қатар кардиоэмболиялық инсульттің екіншілік алдын алу мен болжамын жақсартуға ықпал етеді.

4. Ұлттық Республикалық тіркелімге енгізу үшін ЭКГ ұзақ мониторингі аппараттары (REVEAL XT) имплантацияланған пароксизмальды және тұрақты фибрилляция формасы бар пациенттер базасы құрылды, бұл болашақта катетерлік абляцияның әртүрлі әдістерінің тиімділігін одан әрі перспективалық бақылауға және талдауға мүмкіндік береді.

Инновациалық патенттер, авторлық куәліктер: 2023 жылғы 20 маусымдағы №37325 авторлық құқықпен қорғалатын объектілердің мемлекеттік реестрге енгізілуі туралы авторлық куәлік алынды.

Диссертациялық жұмыстың нәтижелері бойынша: 4. Жүрекшелер фибрилляциясының персистентті түрлерін интервенциялық және хирургиялық тәсілмен емдеу бойынша әзірленген алгоритмі (20.06.2023 жылғы № 37325 авторлық куәлік) пациенттің объективті медициналық деректері мен ерекшеліктерін ескере отырып, әрбір нақты пациент үшін интервенциялық емдеу нұсқасын және дәрілік терапия тәртібін анықтауға мүмкіндік береді (яғни жеке дара қарастырылған).

Негізгі ғылыми жұмыстар жоспарының байланысы. Диссертация 013 "Денсаулық сақтау саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулер" бюджеттік бағдарламасы бойынша "Бірқатар маңызды ауруларды симптомға дейінгі диагностикалау және емдеудің жаңа молекулалық-генетикалық тәсілдері" (қосымша 4.2. "Жүрекшелер фибрилляциясының күрделі түрлерін емдеуде жекелендірілген тәсіл хаттамасын әзірлеу") ҒТБ шеңберінде орындалды. Қаржыландыру - ҚР ДСМ. 10.07.2017 жылғы №164/07.17 келісім-шарт (С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық Медицина Университеті). Зерттеуді жүргізу мерзімі 2017-2019 жж.

10.Нұрғалиева Жансая Жәнәділқызы

Диссертация тақырыбы: «Короновирустық инфекциясы бар жүкті әйелдерге медициналық көмекті ұйымдастырудың жай - күйі және оны жетілдіру»

Зерттеудің ғылыми жаңалығы: Жүргізілген зерттеу нәтижесінде алғаш рет жүкті әйелдерді коронавирустық инфекция (COVID-19) кезінде жүргізуге арналған халықаралық және ұлттық клиникалық хаттамаларға кешенді талдау жасалды, бұл медициналық көмекті ұйымдастырудағы ерекшеліктер мен тәсілдердегі қайшылықтарды айқындауға мүмкіндік берді. COVID-19-дың ауыр және өліммен аяқталатын ағымына ықпал ететін негізгі клиникалық-эпидемиологиялық қауіп факторлары (дене салмағының артық болуы, артериялық гипертензия, гипергликемия, қабыну маркерлерінің жоғарылауы) анықталды. Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау жүйесінде жүкті әйелдердің COVID-19 кезінде медициналық көмек алу маршруты алғаш рет жүйелі түрде зерттеліп, амбулаториялық және госпитальдық деңгейлерде кездесетін өзекті ұйымдастырушылық мәселелер айқындалды. Зерттеу нәтижелері негізінде ғылыми тұрғыдан дәлелденген ұйымдастырушылық-практикалық іс-шаралар кешені әзірленді. Бұл кешен жүкті әйелдерге COVID-19 кезінде медициналық көмек көрсетуді жетілдіруге бағытталған стандартты операциялық рәсімдер (СОР), маршрутизация алгоритмдері және медицина қызметкерлерінің білім деңгейін бағалау құралдарын қамтиды.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы: Зерттеу нәтижелері негізінде стандартты операциялық рәсімдер (СОР) әзірленіп, тәжірибеге енгізілді: «Жүкті әйел ауа-тамшылы инфекция белгілерімен, соның ішінде COVID-19-бен, емхана фильтріне жүгінген кезде фильтр-дәрігердің функциялары» және «Ауа-тамшылы инфекция және COVID-19 белгілері бар жүкті әйелдерді үй жағдайында жүргізу кезінде медицина қызметкерлерінің функциялары». Аталған СОР-лар Алматы қаласындағы «Алатау қалалық ауруханасы»

ШЖҚ КМК және «LS Clinic» медициналық орталығында енгізілді (енгізу актілері бар). Сонымен қатар, ауа-тамшылы инфекциялармен, соның ішінде COVID-19-бен ауырған жүкті әйелдерді маршрутизациялау мәселелері бойынша медицина қызметкерлерінің білім деңгейін бағалауға арналған валидтелген сауалнама әзірленіп, апробациядан өткізіліп, тәжірибеде енгізілді (енгізу актілері бар). Жүкті әйелдерді пандемия жағдайында жүргізу тиімділігіне әсер ететін ұйымдастырушылық кемшіліктер мен табысты маршрутизацияның детерминанттары бойынша алынған сапалық талдау нәтижелері «Қоғамдық денсаулық сақтау» білім беру бағдарламасы бойынша магистранттарға арналған «Денсаулық сақтауды ұйымдастыру және басқару» пәнінің силлабусына енгізілді (енгізу актісі – Эпидемиология, биостатистика және дәлелді медицина кафедрасы).

11.Асылбек Мейргул Ысраилқызы

Диссертация тақырыбы: «Қазақстанның оңтүстік аймағында инсульттен кейінгі науқастардың өмір сүру сапасына COVID-19 пандемиясының әсері»

Зерттеудің ғылыми жаңалығы:

1. Қазақстанда алғаш рет реабилитация маршруттары мен ресурстарының перипандемиялық өзгерістері және телереабилитация мүмкіндіктері зерттелді.

2. Перипандемиялық кезеңде постинсульттық реабилитация бойынша мамандардың білімдері мен ұстанымдарына қатысты елдераралық онлайн-срез алғаш рет жүргізіліп, телереабилитацияны енгізу кедергілері айқындалды.

3. Инсульттан кейінгі науқастар мен отбасы мүшелерінің өмір сапасы валидтелген шкалалармен кешенді түрде алғаш рет бағаланды.

4. Инсульттан кейінгі реабилитация туралы ақпарат көзі ретінде YouTube видеоларына халықаралық валидтелген сапа құралдарын қолдана отырып, алғашқы талдау жүргізілді.

5. Инсульттан кейінгі қалпына келудің әр кезеңінде телереабилитацияны қолдану алгоритмі әзірленіп, Rehab-home.kz веб-платформасы мен ПМСП дәрігерлеріне арналған білім беру бағдарламасы (240 сағат / 8 кредит) енгізілді.

Зерттеудің практикалық маңызы: Нәтижелер пандемия жағдайындағы инсульттан кейінгі көмекті ұйымдастыру туралы қазіргі түсініктерді толықтырады және қоғамдық денсаулық ғылымына үлес қосады. Rehab-home.kz платформасы үй жағдайында телереабилитацияны қамтамасыз етіп, қолжетімділік пен үздіксіздікті кеңейтеді, стационарға түсетін жүктемені азайтады, ал 240 сағаттық оқу бағдарламасы амбулаторлық реабилитация мамандарының құзыреттерін арттырады.

Диссертациялық жұмыстың нәтижелері бойынша: Диссертациялық жұмыстың нәтижелері бойынша үй жағдайында телереабилитация жүргізуді қамтамасыз ететін Rehab-home.kz ұлттық веб-платформасы құрылды және оңалтуды жүргізу алгоритмі әзірленді (ЕФК/логопедия бойынша бейнесабақтар, оңалту саласындағы мамандардың онлайн-консультациялары), сондай-ақ алғашқы медициналық-санитариялық көмек (ПМСК) дәрігерлеріне арналған «Амбулаториялық жағдайларда медициналық оңалту көрсету» біліктілікті арттырудың білім беру бағдарламасы әзірленіп, енгізілді — 240 сағат (8 кредит).

12.Байболова Молдир Канатовна

Диссертация тақырыбы: «Жүрекке ашық отадан кейінгі науқастарда жүрек оңалтуының жүйелі бағдарламасындағы жаттығулардың әдістемелік аспектілері»

Зерттеудің ғылыми жаңалығы:

1. Жүрекке ашық отадан кейінгі науқастарға арналған жүрек оңалтуының жүйелік бағдарламасындағы жаттығулардың әдіснамалық аспектілері жүйеленіп, жаттығулардың тиімділігі және науқастарда орындалуы мен әсері клиникада зерттелінді.

2. Жүйеленген жүрекке ашық отадан кейінгі науқастарда жүрек оңалту бағдарламасының өмір сүру сапасына әсері сипатталды.

3. Алғаш рет Қазақстанда стерномедиостенитпен асқынған науқастарда оңалту жаттығулары жүргізіліп, әсері сипатталды.

Зерттеудің тәжірибелік маңыздылығы:

1. Тәжірбиелік денсаулық сақтау саласындағы мамандары жүрекке ашық отадан кейінгі науқастарда орындалатын және тиімді жүйеленген жаттығуларды пайдалана алады.

2. Жүйеленген жаттығулар күнделікті оңалту шараларын іске асыруда тәуліктік стационарда, күндізгі стационарда және емханалық оңалту деңгейлерінде жүзеге асыра алады.

3. Жүйеленген жаттығуларды орындау үшін арнайы құрал жабдықтар мен құрылғыларды қажет етпейді, сонымен қатар уй жағдайындағы оқытылған науқастар ушін оңай орындалады.

Инновациалық патенттер, авторлық куәліктер: Миокард инфарктісін өткерген, коронарлық артерияларға стенттеу жүргізілген, жүрек ырғағын реттейтін электрокардиостимулятор (ЭКС) және/немесе имплантацияланатын кардиовертер-дефибриллятор (ИКД) орнатылған, сондай-ақ ашық жүрекке операция жасалған науқастарға арналған кардиореабилитация бағдарламасы (2020 жылғы «28» мамыр № 10345); ашық жүрекке операциядан кейінгі науқастарға арналған кардиореабилитация бағдарламасы (2025 жылғы «15» сәуір № 56799).

3) Диссертациялық зерттеулер нәтижелерінің тәжірибеге енгізілу деңгейін талдау

Есепті кезеңде қаралған және қорғалған диссертациялық зерттеулердің нәтижелері жоғары практикалық бағыттылығымен және денсаулық сақтау жүйесінің өзекті міндеттерін шешуге бағдарлануымен сипатталады. Алынған ғылыми деректер мен әзірленген ұсынымдар әртүрлі деңгейдегі медициналық ұйымдардың қызметіне, соның ішінде алғашқы медициналық-санитариялық көмек ұйымдарына, мамандандырылған стационарларға, оңалту орталықтарына, сондай-ақ бейінді клиникалық бөлімшелердің практикалық жұмысына енгізілді.

Диссертация нәтижелерін енгізу барысында заманауи диагностикалық, емдеу-профилактикалық және оңалту тәсілдері қолданылды, оның ішінде цифрлық технологиялар, ерте диагностика және скрининг әдістері, интервенциялық және қалпына келтіру емінің инновациялық әдістері, сондай-ақ пациенттерді динамикалық бақылаудың жетілдірілген модельдері пайдаланылды. Зерттеулердің жекелеген нәтижелері пациенттердің клиникалық маршруттарын, жергілікті хаттамаларды, медициналық көмек көрсету алгоритмдерін және профилактикалық бағдарламаларды әзірлеу мен түзету кезінде қолданылуда.

Диссертациялық жұмыстардың нәтижелерін практикалық іске асыру енгізу актілерімен, практикалық қолдану туралы анықтамалармен және медициналық ұйымдардың оң пікірлерімен расталған. Сонымен қатар, диссертациялардың негізгі қағидалары мен қорытындылары медициналық мамандықтар бойынша білім алушыларды даярлау барысында, сондай-ақ медициналық қызметкерлердің дипломнан кейінгі және үздіксіз кәсіби білім беру жүйесінде пайдаланылуда.

Жалпы алғанда, диссертациялық зерттеулер нәтижелерінің практикалық қызметке енгізілу деңгейі жеткілікті және диссертациялық жұмыстарға қойылатын талаптарға толық сәйкес келеді, бұл жүргізілген ғылыми зерттеулердің жоғары қолданбалы маңыздылығын көрсетеді.

5. Рецензенттердің жұмысын талдау (ең төмен сападағы пікірлердің мысалдарымен)

Қорғалған диссертациялық зерттеулер бойынша ресми рецензенттер ретінде медицина және қоғамдық денсаулық сақтау салаларының тиісті бағыттарында еңбек ететін, диссертация тақырыптарына жақын пәндік салаларда ғылыми еңбектері бар жетекші ғалымдар қатысты. Рецензенттерді іріктеу барысында ғылыми кеңесшілер мен рецензенттердің тәуелсіздігі қағидаты сақталды. Диссертацияларға қатысты теріс пікірлер тіркелген жоқ. Барлық рецензенттер диссертанттардың қорғауына онлайн және офлайн форматта қатысты.

Рецензенттер диссертациялық жұмыстарға жан-жақты талдау жүргізіп, пікірлерінде зерттеу тақырыптарының өзектілігін, олардың жалпы мемлекеттік бағдарламалармен

байланысын, алынған нәтижелердің ғылыми дәрежелер беру қағидаларына сәйкестігін атап көрсетті. Атап айтқанда, дербестік, ішкі бірлік, ғылыми жаңалық, дәлелділік, практикалық маңыздылық және академиялық адалдық қағидаттарының сақталуы бағаланды.

Рецензенттер тарапынан диссертациялық зерттеулердің мазмұнына қатысты ескертулер болған жоқ, тек рәсімдеуге байланысты ұсақ-түйек сипаттағы ескертулер ғана анықталды.

6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру бойынша ұсыныстар

– диссертациялық кеңестің уақытша мүшелері мен рецензенттерін іздеу және тағайындау мерзімдерін ұлғайту;

– диссертациялық жұмыстардың сапасына ғылыми кеңесшілердің жауапкершілігін арттыру.

7. Философия докторы (PhD) және бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежелерін алу үшін қорғалған диссертациялардың саны мамандықтар/білім беру бағдарламалары (кадрлар даярлау бағыттары) бойынша төмендегі кестеде келтірілген:

	«8D10101 (6D110200) – Қоғамдық денсаулық сақтау »	«8D10102 (6D110100) – Медицина»	«8D10104 (6D110400) – Фармация»	«8D10103 – Мейіргерлік іс»
1) қорғауға қабылданған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖЖОКБҰ докторанттарының);	9/0	3/0	0	0
2) қараудан алып тасталған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖЖОКБҰ докторанттарының);	-	-	-	-
3) ресми рецензенттердің теріс пікірін алған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖЖОКБҰ докторанттарының);	-	-	-	-
4) қорғау нәтижелері бойынша теріс шешім алған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖЖОКБҰ докторанттарының);	-	-	-	-
5) пысықтауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа	-	-	-	-

ЖЖОКБҰ докоранттарының);				
6) кайта қорғауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖЖОКБҰ докоранттарының).	-	-	-	-

Есепті кезеңде денсаулық сақтау саласы бойынша диссертациялық кеңес ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрларды аттестаттауға қойылатын қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілер мен белгіленген талаптарға сәйкес өз қызметін жүзеге асырды. Кеңес жұмысы диссертациялық зерттеулерге объективті, ашық және ғылыми негізделген сараптама жүргізуді қамтамасыз етуге бағытталды.

Қаралған диссертациялық жұмыстар өзектілігімен, практикалық маңыздылығымен ерекшеленіп, денсаулық сақтау жүйесін, медициналық ғылымды және денсаулық сақтауды басқаруды дамытудың басым бағыттарына толық сәйкес келді. Диссертацияларды қарау, рецензиялау және қорғау рәсімдері ғылыми этика, алқалылық және сараптамалық бағалаудың тәуелсіздігі қағидаттарын сақтай отырып жүргізілді.

Диссертациялық кеңестің қызметі ғылыми зерттеулердің сапасын арттыруға, білікті мамандарды даярлауға және денсаулық сақтау саласындағы ғылыми әлеуетті дамытуға ықпал етті. Есепті кезеңнің қорытындысы бойынша диссертациялық кеңестің жұмысы нәтижелі және белгіленген талаптарға сәйкес келеді деп танылып, оның одан әрі жұмыс істеуі мен жетілдірілуі мақсатқа сай деп бағаланады.

Диссертациялық кеңес төрайымы _____ Капанова Г.Ж.

Диссертациялық кеңес ғалым хатшысы _____ Картбаева Э.Б.